

І ТУЫ

ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТИ

декабрь Сейсенбі

Шығуына 33 жыл
жеке саны 20 тыйын.

1953 жылғы 1 март—Қазақ ССР жергілікті Советтерінің сайлауы күні.

Республикамыздың жергілікті Советтерінің сайлау күнін халық шаруашылығының барлық салаларында жаңа табыстарға жетумен қарсы алайық!

арының жергілікті сайлауы

айланысты. Сталин ша жергілікті Со жерде мәдениің құрылыстарына ікті бюджетті белғын басқару орынқ етеді, мемлекет-талуын қамтамасыз орғау күшін ны-зандардың дұры-ардың праволары-асыз етеді. Алды-н жергілікті Со-дың бұл жұмыста-жеттік өкмет ор-халықтық мереке н, одақтас және балардың Жоғарғы Советтердің со-да өткізілген сай-и өрлеу үстінде достық бірлігінің, т үкметіне және алинге шексіз бер-інісі болды. Жер-ағы сайлауы да мен үкметке, ұлы-сқа шексіз беріл-шлығының үлгі-

правосыздығының принципі орнатылды. Буржуазиялық- демократиялық бостандық тардың туы лақтырып тасталды.—деді Сталин жолдас.

Совет азаматтары өздерінің өкмет ор-гандарын сайлауды зор мақтаншп етеді. Біздің елімізде сайлауға әзірлену және оны өткізу жұмыстарына сайлау комис-сияларының мүшелері, халық сенген өкіл-дер, үгітшілер ретінде сан мыңдаған адамдар қатынасады.

Сталиндік Конституцияның нұр сәуле-сі астында бүкіл совет халқы сияқты қа-зақ халқы да бақытты, шат өмірге ие болды. Республикамыздың әрбір азаматы мемлекеттік өкмет органдарын сайлауға және оған сайлануға толық праволы. Олар осы азаматтық праволарын жергілікті Со-веттердің сайлауы күні зор мақтаншпен пайдаланып, өздерінің жергілікті өкмет органдарын —облыстық, аудандық, қала-лық, поселкелік, селодық және ауылдық Советтерді сайлайды. Бұл бүкілхалықтық мереке күнін еңбекшілер халық шаруашы-лығы мен мәдениет құрылысы саласында жаңа табыстарға жетумен қарсы алады.

Республикамыздың жергілікті Советте-рінің сайлауын асқан ұйымшылдықпен өткізу үшін оған осы бастан мұқият әзір-

Малдың қысқы күтімін жақсарту берейік ★ Мал шығынына жол берілмесін

Өткен жылы Совет ауданының колхоз-дары мен совхоздарында мал қыстату науқаны мүлдем қанағаттанғысыз өткі-зілді. Малға жемшөп жеткіліксіз дайын-далды. Сол сияқты, қоғамдық мал қора-лармен де мол қамтамасыз өтілмеді. Со-ның салдарынан аудан колхоздары мен совхоздарында мал шығынына жол беріл-ді. Мұның өзі аудан бойынша мал шар-уашылығын өркендету жоспарының орындалуына кері әсер етті.

Ауданның колхоздары мен совхоздары-ның басшылары өткен жылғы бұл кем-шіліктерден быйыл қорытынды шығарды ма? Жоқ. Аудан мал қыстатуға быйыл да әзірліксіз кірісті. Жемшөп дайындау жоспары орындалмай қалды. Қоралар да жеткілікті әзірленбеді.

Міне, мал қыстатуға әзірліксіз кірісу-дің салдарынан бірсыпыра колхоздарда малды күтіп азықтандыру жұмысы на-шар ұйымдастырылып отыр.

Мәселен «Красное поле» колхозында (председателі Сейітов жолдас) мал күтімі нашар. Мұнда қоғамдық мал уақытылы азықтандырылып суарылмайды. Мал қо-ралары уақытылы тазартылмайды. Күіі төмен малға ерекше күтім ұйымдасты-рылмаған. Соның салдарынан бұл кол-хозта мал шығынына жол берілуде. Өт-

«Ігілік», «Аралағаш», «Еркіндік» сияқ-ты колхоздарында да жемшөпті үнемдеп жұмсау, оны малға әзірлеп беру ісі мүлдем қанағаттанғысыз. «Еркіндік» кол-хозында мал тыңғылықты күтімге алын-баған. Мұнда да мал шығыны бар.

Малшылар арасындағы үгіт-бұқаралық жұмысы ойдағыдай ұйымдастырылмаған. Мысалы, «Победа» колхозының ірі қара мал фермасында үгіт- бұқаралық жұмысы мүлдем бетімен жіберілген. Мұнда қабыр-ға газеті мен жауынгерлік листоктар шы-ғарылмайды. Бұл фермаға осы күнге дей-ін үгітші тағайындалмаған.

Сол сияқты, Сталин атындағы, «Ігі-лік» колхоздарының партия ұйымдары малшылар арасындағы үгіт- бұқаралық жұмысын ескерусіз қалдырған. Олар мұндай маңызды жұмысқа нақтылы бас-шылық жасамайды. Бұл колхоздардың фермаларында үгітшілер оқта-текте ғана болады.

«Ігілік» колхозының сыйыр малы фермасының меңгерушісі С. Исин жолдас былай дейді:

—Мал қолға қарағалы екі айға жуық уақыт болды. Содан бері біздің фермаға бірде- бір үгітші келіп, әңгіме өткізген емес.

Жақсарту аталған колхоздарда өткен

Көктемгі егіске әзірлік Полудень МТС-і неге олқылықта отыр?

Быйыл Полудень МТС-і (директоры Бравцун жолдас) күзгі- қысқы жөндеу жұмысына әзірліксіз кірісті. Мұнымен бірге жөндеу жұмысына аса қажетті құ-рал- жабдықтар мен бөлшектер жеткілік-ті дайындалмады. Күзгі- қысқы жөндеу жұмысын МТС октябрь айының аяқ ше-ңінде ғана қолға алды.

Күзгі- қысқы жөндеу науқанына әзір-ліксіз кірісу және қажетті бөлшектердің мол дайындалмауы тракторлар мен тіркеу саймандарын көктемгі дала жұмыстарын, әзірлеу ісінің өте баяу жүргізілуіне әкел-іп соғып отыр. МТС төртінші тоқсанда 43 трактор, 40 плуг, 30 луцильник жөн-деуге тиіс еді. Бірақ, осы уақытқа дейін МТС-те небары 8 трактор, 10 плуг және 18 луцильник ғана жөндеуден өтті.

МТС-те жөндеу жұмысының нашар ұйым-дастырылуының басты себебі сол —меха-низаторлар арасында еңбек ұйымдастыру ісі жолға қойылмаған. Мастерекей менге-рушісі Кузнецов жолдас әрбір механизатордың кун сайын өнімді еңбек етуіне жағдай жасамайды. Ол механизаторларға сменалық төнеырманы уақытылы беріп отырмайды. Сол сияқты ол жөндеушілер-ді құрал- жабдықтармен, қажетті бөлшек-термен жеткілікті қамтамасыз етпейді.

лысты барлық жағынан нығайта беруді, совет адамдарының саяси белсенділігін, олардың өз Отанына берілгендігін одан әрі күшейте беруді, халықтардың моральдық саяси бірлігі мен достығын нығайта түсуді коммунистік партия өзінің негізгі міндеттерінің бірі деп санайды.

Халқымыздың шаруашылық және мәдениет құрылысы салаларындағы үздік табыстары жергілікті Советтердің жемісті

тапдығы» дейтін енді жоқ, — енді қапталы барлардың ғана өз басының правосы танылады, ал, басқа азаматтардың бәрі қаналуға ғана жарамды адамдар — шикі материал деп есептеледі. Адамдар мен ұлттардың тең правосылық принципі аяққа басылды, оның орнына қанаушы азшылықтың тсылық правосылығының және азаматтардың қанаудағы көпшілігінің

бұдан былай да арттырып, оларды Ленин — Сталин партиясының төңрегіне бұрылғыдан да берік топтастыра түседі.

Еңбекшілер депутаттарының жергілікті Советтерінің сайлауы күнін коммунистік құрылыста жаңа табыстармен қарсы алайық!

(«Социалистік Қазақстан»ның 21 декабрьдегі басмақаласы).

жұмсаудың зор маңызы бар. Солай бола тұрса да Октябрь ауданының колхоздарында жемшөпті жұмсау, оны малға әзірлеп беру ісі мүлдем қанағаттанғысыз.

Мәселен, аудан колхоздарында мал қыстатудың өткен мерзімі ішінде 8934 центнер шөп малға нормадан артық берілді. Бұл аудан үшін үлкен шығын. Өйткені, бийыл ауданда жемшөп жеткіліксіз талындалды.

«Пламя» колхозында (председателі Коптиль жолдас) жемшөп жеткіліксіз. Бұл колхоз 150 бас малды «Қазақстанның 30 жылдығы» колхозында қыстатып жатыр. Жемшөп жеткіліксіз бола тұрса да колхоз басшылары мал азығын қалай болса, солай жұмсап келеді. Мұнда малға жемшөп өлшенбей беріледі. Бұған 439 центнер жемшөптің нормадан артық жұмсалғаны толық дәлел.

Жемшөптің малдың қыс бойғы азықтануына жетпейтіні колхоз басшыларына әбден мәлім. Осыған қарамастан олар фермаларда жемшөпті үнемдеп жұмсаудың және оны малға әзірлеп берудің тиісті шараларын әлі күнге дейін қолданбай келеді.

Осы сыяқты «Победа», «Щит» және Киров атындағы колхоздарда да мал азығын тиімді пайдалану үшін жеткілікті күрес жүргізілмейді. Колхоз председателдері Носко, Нояндин жолдастар фермаларда мал азығының дұрыс жұмсалыуына жете бақылау жасамайды. Жемшөп қорының

берілуін малшы майды.

Міне, осыны хоздарда мал азырышқа ұшы және декабрь а хозында 1713 да 669 центнер да 760 центнер дан тыс берілг

Малды қолда ру күресінде ж лап берудің ше жоғарыда атал малға берер ал құнарлылығын рылмаған.

Атап айта ка ға турал, ұнтақ МТС-тер қатын ті малға әзірлеп жеткілікті көме

Бесінші бесж шаруашылығын ігін арттыру д ту еңалдымен м ұйымдастыруға дан басшылары үнеммен жұмсал әзірленіп берілуі детті. Мүнсыз м қойылған күрде орындауға болме

„Халықтар арасындағы бейбітшілікті нығайтқаны үшін“ Халықаралық Сталиндік сыйлықтар Комитетінде

17 және 20 декабрьде Москвада академик Д. В. Скобельцынның председателдік етуімен «Халықтар арасындағы бейбітшілікті нығайтқаны үшін» халықаралық Сталиндік сыйлықтар Комитетінің мәжілістері өткізілді.

Комитет бийылғы жыл үшін халықаралық Сталиндік

сыйлықтар беру туралы түскен ұсыныстарды қарап, бұл мәселе бойынша қарар қабылдады.

Төменде Комитеттің 1952 жыл үшін «Халықтар арасындағы бейбітшілікті нығайтқаны үшін» халықаралық Сталиндік сыйлықтар беру туралы қаулысы жарияланады.

1952 жыл үшін „Халықтар арасындағы бейбітшілікті нығайтқаны үшін“ Халықаралық Сталиндік сыйлықтар беру туралы

„Халықтар арасындағы бейбітшілікті нығайтқаны үшін“ Халықаралық Сталиндік сыйлықтар Комитетінің 1952 жылғы 20 декабрьдегі қаулысы

Бейбітшілікті сақтау және нығайту жолындағы күрес ісіндегі үздік еңбектері үшін дүние жүзіндегі әртүрлі елдердің демократиялық күштерінің төменде аталған өкілдеріне «Халықтар арасындағы бейбітшілікті нығайтқаны үшін» халықаралық Сталиндік сыйлықтар берілсін:

1. Пв Фарнга — (Франция);
2. Сайфуддин Нитчлуға — Бүкілһиндиялық бейбітшілік Советінің председателі;

3. Элиза Бранкоға — Бразилия әйелдері Федерациясының қайраткері;
4. Поль Робсонға — (АҚШ);
5. Иоганнес Бехерге — жазушы (Герман Демократиялық Республикасы);
6. Джеймс Эндикоттқа — священник (Канада);
7. Илья Эренбургке — жазушы (ССР).

Комитеттің председателі академик Д. В. СКОБЕЛЬЦЫН.

Комитет председателінің орынбасарлары ГО МО-ЖО (Қытай),

ЛУИ АРАГОН (Франция).

Комитет мүшелері:

- М. АНДЕРСЕН НЕКСЕ (Дания), ЯН ДЕМБОВСКИЙ (Польша),
ДЖОН БЕРНАЛ (Англия), МИХАИЛ САДОВЯНУ (Румыния),
ПАБЛО НЕРУДА (Чили), А. А. ФАДЕЕВ (ССР).

22 декабрь 1952 жыл,
Москва қаласы.

Тыңғылықты күті

Бұл күндері «Советский» ауылшаруашылық артелинің (Ленин ауданы) қой өсірушілері стахановтық еңбектің үлгісін көрсетіп жүр.

Фермада қой жылы қорамен, құнарлы жемшөппен қамтамасыз етілген. Қойды қыстан шығынсыз алып шығу мақсатымен ферма жанына жемшөп мол тасылып алынған. Колхозшылар даладағы қалған шөпті тез араың ішінде ферма жанына тасып, үюге жұмылууда.

Жемшөптің ферма жанына мол тасылып алынуы нәтижесінде қой мезгілінде

азықтандырылады шопандары Я. Я сбий жолдастар жақсы күтімге Озат шопандар к норма бойынша шопанның қарам Қыстың алғашқы барлық қойды к қойды ұдайы ты қыстан шығынсы

РЕДАКЦИЯҒА ХАТ

Колхоз басшылары
нені ұмытып отыр?

Бұдан 2—3 жыл бұрын Преснов ауданындағы «Баян» колхозында бірқатар құрылыс жұмыстары жүргізіліп, жана клуб, электр станциясы, аурухана үйлерінің іргесі қаланған болатын. Бірақ, жаңа құрылыстардың сапалы, әрі деркезінде аяқталуы үшін ешкім жете көңіл бөлмеді. Үстіміздегі жылы колхоз клубы жөнделіп, пайдалануға берілді. Соның өзінде жөндеу жұмыстары қанағаттанғысыз жүргізілді. Клубтың терезелері жөнделмеген, одан жел соғып тұрады, орындықтар жоқ, кино көрушілер, концерт тыңдаушылар жерге отыруға, немесе аяғынан тік тұруға мәжбүр болады.

Колхоз электр станциясы үшін сатып алынған движок үн үгуге ғана пайдаланылады, соның өзінде ол айына екі-ақ күн жұмыс істейді. Электр бағаналары құлап, сымдары үзіліп қалды.

Колхоздағы жаңадан салынған аурухана үйінің де төрт қабырғасынан басқа не идені, не есігі мен әйнегі жоқ деуге болады.

Рухани және мәдени дәрежесі үздіксіз өсіп отырған колхоз мүшелері колхоздағы бұл сыяқты мәдени, денсаулық сақтау орындарының бүгінгі күннің талабына сай жұмыс істеуін талап етеді. Бірақ, колхоз басшылары, еңалдымен, колхоз председателі Тұралин жолдас бұл мәселемен шұғылдануды әлі күнге ұмыт қалдырып келеді.

Т. СЕРҒАЛИЕВ,
Е. БЕКМАҒАМБЕТОВ.

Киномен тыңғылықты қамтымайды

Петропавл ауданында мүгедектердің 2 үйі бар. Мұнда панасыз және еңбек етуге жарамайтын қарт адамдар мен мүгедектер толық мемлекет қамқорлығына алынып, олардың мәдениетті, көңілді дем

Халықтардың бейбітшілікті қорғау Конгресі өзінің жұмысын аяқтады

Халықтардың бейбітшілікті қорғау Конгресінің ҮНДЕУІ

Халықтардың бейбітшілікті қорғау Конгресін шақырып, бүкіл дүниежүзілік Бейбітшілік Советі өзінің көп мәселелер бойынша келіспесе де, халықтар арасында ынтымақ орнатуға тырысатын және соғысқа жол бермеу, бейбітшілікті қамтамасыз ету үшін күш біріктіріп күрес жүргізісі келетін әртүрлі ұйымдардың, қозғалыстардың және ағымдардың бұл жолдағы игілікті істерін біріктіруге ұмтылатынын көрсетті.

Еркін жарыссөз Конгресінің күшке сүйенетін саясатты, халықтарды үлкен күйзелістерге ұшыратқан және адамзатты апатқа кездестіру қаупін туғызып отырған саясатты біржолата жоюға ұмтылған бірауыздылық еркін көрсетті.

Біз, мемлекеттер арасында келіссөздер жүргізу жолымен шешуге болмайтын алауыздықтар жоқ деп есептейміз.

Қалалар мен елдерді қыйрату тоқтатылсын, кісі-өлтіру қаруларын жыйнау тоқтатылсын, өшпенділікті уағаздау және соғысқа шақыру тоқтатылсын. Келіссөздер жүргізу жолына түсетін уақыт, келісетін уақыт жетті!

Біз бес ұлы мемлекеттердің үкіметтеріне, бүкіл дүние жүзінде бейбітшілікті сақтау асынша зор дәрежеде өздеріне байланысты болып отырған АҚШ, ССРО, Великобритания, Қытай Халық Республикасы және Франция үкіметтеріне арнап сөз айтатын; біз оларды Бейбітшілік Шартын жасасу туралы келіссөздерді тезінен бастауға шақырамыз.

Бес ұлы мемлекеттің үкіметтеріне зор жауаптылық жүктеледі. Халықтар олардан жауап күтеді. Келіссөздер рухының үстем болуы үшін халықтар қолынан келгеннің бәрін істейді.

Біз Кореядағы барлық соғыс қыймылдарын тезінен тоқтатуды талап етеміз.

Қалалар қыйратылып, қан төгіліп жатқанда келісуге ешқандай мүмкіншілік жоқ. Соғыс қыймылдары тоқтатылса, соғысушы жақтар даулы мәселелер жөнінде оңай келісе алады.

Біздің тура, әділетті және адамгершілік талабымызды игі ниетті барлық адамдардың қоспап қарсы алатындығына біз сенеміз.

Сол сыяқты, біз Вьетнамдағы, Лаостағы, Камбоджидегі және Малайядағы соғыс қыймылдарын тезінен тоқтатуды, елдердің халықтарының тәуелсіз болу даусыз правосын құрметтеуді

ге болады және шешілуге тиіс. Біз біріккен демократиялық Германиямен тез арада бітім договоры жасалуға тиіс деп есептейміз. Бұл договор оның қандай да болса елге қарсы бағытталған қандай да болса соғыс одағына қатысуына мүмкіндік қалдырмайтын болу керек. Бұл договор өткендегі уақытта Европаны осыншама бақытсыздыққа ұшыратқан нацизм мен милитаризмге орын қалдырмайтын Германиямен жасалатын болу керек. Біз Жапониямен бітім договорын жасауды ұсынамыз. Бұл договор оның оккупациялануын біржолата жойып, жапон халқына бейбітшілік ұлттар семьясына қайтып қосылуға мүмкіндік береді. Австрия туралы мемлекеттік договорға байланысты келіссөздерді қайта бастау керек деп есептейміз. Бұл договор ол елді шетелдік оккупациядан құтқаратын болу керек.

Біз Корея мен Қытайға барған әртүрлі елдердің атакты мамандары тапсырған, бактериологиялық қарудың қолданылуы туралы баяндамалармен таныстық. Бұл баяндамаларды оқып жанымыз түршіккен біздер бактериологиялық соғысқа тезінен тыйым салынуын және барлық мемлекеттердің 1925 жылғы Женева протоколына қосылуын үзілді-кесілді талап етеміз. Ғылымның ұлы табыстары миллиондаған қорғаныссыз адамдарды қырып-жоюдың құралы болмауға тиіс. Сол сыяқты, біз атом қаруына, химиялық қаруға және жай халықтарды қырғынға ұшырататын басқа сондай қаруларға сөзсіз тыйым салуды талап етеміз.

Біз, жанталаса қарулану мемлекеттердің қауіпсіздігін нығайта алады дейтін, алысты байқай алмайтын адамдарды айыптаймыз. Жанталаса қарулану, қайта үлкенді-кішілі барлық мемлекеттерге туып отырған қауіпті күшейте түсетіндігіне біз сенеміз. Халықтардың еркін білдіре отырып, біз қарусыздану туралы келіссөздерді тезінен бастауды талап етеміз. Бұл қарусыздану біржақты болмай, әділетті болуға тиіс. Біз тыңғылықты халықаралық бақылау жаппай, біржолы, бірте-бірте және сәйкес қарусыздануды жүзеге асыруға мүмкіндік беретіндігіне сенеміз.

Біз мемлекеттер арасындағы материалдық және мәдени табыстар айырбасын неғұрлым тез қайта бастауды талап етіп отырған барлық халықтар өкілдерінің тілегін қуаттаймыз. Сирек және ертедегі ғылым әдебиет және искусство

быйып партия оқуына көп адам қамтылды, үйірмелер саны көбейді, оқу барлық жерде жүргізіліп жатыр, міне мәліметі, — деп алдында жатқан көп қағаздарды ұсынады. Ал, істің жайына келсек керісінше.

Телюк жолдастың мәліметі бойынша Ленин атындағы колхоз партия ұйымы жанында ұйымдастырылған партия тарихын үйренетін негізгі типті үйірмеде 22 адам оқыйды. Олардың көпшілігі колхоздағы селіпо мен онжылдық мектептің қызметкерлері.

Үйірмеде сабақ деркөзінде өткізіліп тұрмайды. Ал, өткізілген сабақтардың идеялық дәрежесі төмен болып келеді. Тыңдаушылар Оразбаев, Қоспанов жолдастар бірде-бір сабақта қойылған сұрақтарға жауап берген емес. Жұманов, Бүтінбаев жолдастар 4 рет сабақтан қалған. Ал, Қонарбаев, Жұмағазин, Салимжанов, Шопанов, Жанықұлов жолдастар сабаққа дайындалмай келеді. Сөйтіп, бұлар да сұрақтарға толық жауап бере алмай жүр.

Бұл жағдайды партия ұйымының секретары Малдыбаев жолдас жақсы біледі. Бірақ, ол партия оқуын тиісті дәрежеде өткізуге, кадрлардың марксизм-ленинизм теориясымен қарулануларына жауапсыз қарап жүр. Малдыбаев жолдас ертеде жоғары дәрежелі мектепті бітірген. Солай бола тұрса да, соңғы кезде не өздігінен, не болмаса партия оқуының бір жүйесінде оқымағандықтан типті күнбе-күнгі саясаттан да артта қалып келеді.

Сталин атындағы колхоз партия ұйымы жанында да партия тарихын үйренетін негізгі типті үйірме ұйымдастырылған болатын. Бұл үйірмеге Миронов жолдас басқатшы болып тағайындалған. Үйірмеде 14 адам оқуға тиіс. Не пайда, бұлардың оқуы тиісті дәрежеде өткізілмей келеді. Оқу жылы басталғалы тыңдаушы Ищенко жолдас бірде-бір сабаққа қатыс-

«қызыл ту» колхозы партия ұйымында партия оқуының дәрежесі өте-өте төмен. Мұнда тыңдаушылар үйірмеге жалпы білімдеріне қарай іріктеп алынбаған. Тыңдаушы Құсайынов жолдас шама сауатты бола тұрса да, партия тарихын үйрену үйірмесіне бекітілген. Осы партия ұйымының өсебіндегі коммунист Ахметжанов жолдас партия оқуының ешбір жүйесінде оқымайды. Ахметжанов жолдастың өмірден артта қалғандығы сонша, ол партияның XIX съезінің қашан өткізілгендігін, онда қандай мәселелердің қаралғандығын да білмейді.

Бұл колхозда партияның XIX съезінің қарарларын колхозшыларға түсіндіру ісі өте нашар. Партия ұйымының секретарі Оразалин жолдас съезд қарарларын колхозшыларға түсіндіру үшін үгітшілер тағайындаумен ғана тынып отыр. Ал, ол тағайындаған үгітшілердің ішінен Садуақасов, Жауқенов сыяқты жолдастар өздері съезд материалдарын жете білмейді. Олардың үгітші болуға білім дәрежелері де жетпейді.

Міне, Октябрь ауданындағы кейбір колхоздарда идеологиялық жұмыстың, коммунистердің саяси оқуының жайы осындай. Бірақ мұны аудандық партия комитетінің Телюк жолдас сыяқты жауапты қызметкерлері білмейді. Олар қолдарындағы жыйнастырып алған мәліметтеріне сүйеніп кеңседе отыра береді.

Коммунистердің оқуы—партия ұйымдары жұмысының негізгі саласы. Сондықтан Октябрь аудандық партия комитеті бұл жұмыстағы кемшіліктерге тезіп отыра бермей, партия оқуының идеялық дәрежесін арттыру үшін бастауыш партия ұйымдарына нақтылы басшылық жасауы керек.

**А. ЖОЛДЫҒАРИН,
МАРЬЕВНА. (Өз тілшіміз),**

түсіп отыр. Көзір мұнда бір мыңнан астам саяси және көркем әдебиет кітаптары бар. Колхозшылар бұл кітаптарды үзбей алып оқып тұрады. Мәселен, комсомолец Аяқбай Шежрин соңғы біржарым жыл ішінде 16 кітап алып оқыды. 40 жастағы колхоз ұстасы Қ. Ысқақов соңғы кезде М. Әуезовтың «Абай» романын, Жамбылдың толық жыйнағын және басқа да кітаптарды оқып шықты.

Оқу үйінің меңгерушісі Зағыпаров жолдас жылжымалы кітапхана ұйымдастыру арқылы бірінші және үшінші бригадаларға кітап жеткізіп, колхозшыларды керекті кітаптармен қамтып отырады.

Ә. ЖАҒАРОВ.

Жарияланбаған хаттың

дерегі

«КОММУНИСТІК МІНЕЗГЕ ЖАТПАЙТЫН ҚЫЛЫҚТАР»

Октябрь ауданындағы Жамбыл атындағы колхоздың председатели Контай Асылбековтің үнемі колхозшыларды балағаттап, ұрып-соғу сыяқты жат қылықтарға салынғандығы, кейбір әскер семьяларын жәбірлеп отырғандығы жөнінде редакцияға хат түскен болатын.

Еңбекшілер депутаттарының Октябрь аудандық Совет аткомінің председатели Мусин жолдас бізге, газетке жарияланбаған тілші хаты бойынша тексеріс жүргізгенде онда көрсетілген фактілер толық анықталды деп хабарлады. Сонымен бірге, тексеріс жүргізгенде Жамбыл атындағы колхозда ауылшаруашылық артелінің Уставын бұрмалаушылық фактілері де бар екендігі анықталған.

Октябрь аудандық партия комитетінің бюро мәжлісі Қ. Асылбековты партиядан шығарып, колхоз басқармасының председатели қызметінен босатқан.

өкілдері де күш жұмсау саясатынан бастартуды, келіссөздер саясатын жүргізуді қостады. 1952 жылғы 12 декабрьде Венада шақырылған халықтардың бейбітшілікті қорғау Конгресі адамзаттың еркін білдіріп, Америка Құрама Штаттарының

Халықтардың бейбітшілікті

ВЕНА, 20 декабрь. (СОТА-ның арнаулы тілшісінен). 19 декабрьде кешке халықтардың бейбітшілікті қорғау Конгресінің қорытынды мәжлісі ашылды.

Председательдік етушінің орнына француздың бейбітшілік ісі үшін көрнекті күрескері, Бүкіл дүниежүзілік Бейбітшілік Советінің басшыларының бірі Ив Фарж келді. Оны залдағылар ду қолшапалақтап қарсы алды. Конгрестің құрамы туралы және жүргізілген ұйымдастыру жұмыстары жөнінде баяндама жасау үшін Бүкіл дүниежүзілік Бейбітшілік Советінің Бас Секретары Жан Лаффитке сөз берілді.

Бүкіл дүниежүзілік Бейбітшілік Советінің шақыруы бойынша Венада 1952 жылғы 12 декабрьден 19 декабрьге дейін өткізілген, деп мәлімдеді Лаффит, бейбітшілікті қорғаудың халықтар Конгресі осы «Концертхаузда» 85 елден келген 1857 адамды біріктірді. Оның ішінде 1604 делегат, 105 шақырылған қонақтар, 102 бақылаушылар, ұлттық және халықаралық ұйымдардың 46 өкілі бар.

Конгреске ССРО-дан 44 делегат, халықтық демократия елдерінен құрамында 138 адамы бар 6 делегация, Еуропаның барлық басқа елдерінен құрамында 1019 адам бар делегациялар қатысып отыр. Түрлі кедергіліктерге қарамастан, Конгреске итальяндық 198 делегат келді.

Қытайдан 59 делегат, Солтүстік Кореядан 19 және Вьетнамнан 11 делегат қатысып отыр. Азияның басқа елдерінен құрамында 150 делегат бар 18 делегация

қатысуда, оның ішінде Жапониядан 17 Американдық конке құрамында 293 гация қатысуда.

Африка және М. делегаттан құралған да.

Конгрестің мәжлісі катысты. Олар 113 тіктің өкілдері бол елден келген.

Председательдік грестің атына түрл мен селоларының ұйымдарының еңбек некті қайраткерлерді тықтаулар түскенін

Бұдан кейін Жил үш комиссияның ұды. Бұл ұсыныстар рарларының негізі

Халықтардың ұлт хауіпсіздігі мәселес ның жұмысы турал жатқан соғыстарды ніндегі комиссияның Джеймс Эндикотт; суді бәсенсіту мәсе сияның жұмысы ту баяндама жасады.

Профессор Барна ріді, ол халықтарі нау Конгресінің бес теріне арнаған Үнд

РЕДАКЦИЯ МЕН ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТТЕР БАСПАСЫНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор —1-86, редакция және ауылшаруашылық бөлімдері —2-36, өнеркәсіп-транспорт және тілшілер бөлімдері —3-39, корректорлар бюросы —4-39, Газет баспасы —0-22, газет табыс ет